



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ Өңірлік университеті



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

МАТЕРИАЛДАРЫ

І КІТАП

АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ
«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

І КНИГА



Қостанай, 2023

УДК 37.02
ББК 74.00
И 63

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Куанышбаев Сеитбек Бекенович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

Жарлыгасов Женис Бахытбекович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

Скударева Галина Николаевна, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

Бережнова Елена Викторовна, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

Ибраева Айман Елемановна, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

Онищенко Елена Анатольевна, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

Демисенова Шнар Сапаровна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

Утегенова Бибикуль Мазановна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

Смаглий Татьяна Ивановна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

Жетписбаева Айсылу Айратовна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. I Кітап. – Қостанай: И 63 А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1081 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. I Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1081 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



9 786013 562445

УДК 37.02
ББК 74.00

© А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023
© Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023

ӘОЖ 37.034

РУХАНИ АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ Ы.АЛТЫНСАРИН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНАН БАСТАЛАДЫ

Бекбулатова Айгуль Адамбековна
педагог – зерттеуші, қазақ тілі мен әдебиет мұғалімі
«Қостанай қаласы А.М.Горький атындағы Гимназия» КММ
E-mail: bekbulatova.aiqul77@gmail.com
Бердығужинова Акмарал Кенжебековна
педагог – зерттеуші, қазақ тілі мен әдебиет мұғалімі
«Қостанай қаласы білім бөлімінің №4
жалпы білім беретін мектебі» КММ
E-mail: akmaral.7621@mail.ru
Қостанай қаласы, Қазақстан

Аңдатпа

Өзектілігі: Ы.Алтынсариннің әдеби шығармаларындағы рухани адамгершілік тәрбиесі. Мақсаты: Ы.Алтынсарин әдеби шығармаларына тілдік, әдеби талдау жасау арқылы өмірлік құндылықтарды дәріптеу.
Түйінді сөздер: Алтынсарин, шығармалары, тәрбие, адамгершілік, ұстаз.

Аннотация

Актуальность: духовно – нравственное воспитание в литературных произведениях И.Алтынсарина
Цель: популяризация жизненных ценностей посредством языкового, литературного анализа литературных произведений И.Алтынсарина.
Ключевые слова: Алтынсарин, произведения, воспитание, нравственность, учитель.

Abstract

Relevance: spiritual and moral education in the literary works of I Altynsarin purpose: popularization of life values through linguistic, literary analysis of literary works by I. Altynsarin.
Key words: Altynsarin, works, education, morality, teacher.

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасының «Туған жер» жобасын аясында қазақтың аса көрнекті ағартушы – педагогі, этнограф Ыбырай Алтынсариннің 180 жылдығына орай бүкіл Қазақстан біршама іс-шаралар ұйымдастыруда. Біздің еліміздің қарқырыңды дамуы жас ұрпақ тәрбиесімен тығыз байланысты. Бәсекеге қабілетті, алдындағы қатардағы елу елдің қатарына көтерілу білім жүйесін жаңаша құруды қажеттеді. Осы мәселе тек оқыту технологияларын қолданумен шектелмейді, ең бастысы, елжанды, рухы биік, жаны таза, ұлтжанды азамат тәрбиелеу қажет. Бала тәрбиесінің негізін қалаушы – ата – ана және ұстаз.

Ыбырай Алтынсарин – қазақ жеріне «дала қоңырауындай» сылдырлай келіп, қазақ елінің келешегін ойлап, рухани ағарту саласында қажымай қайрат танытқан ұлы кемеңгер, тұңғыш мектеп ашқан ұлағатты ұстазы, ақын әрі аудармашы. Бүкіл ғұмырын қазақ жастарының ана тілін ұмытпауына, ата бабасының қалдырып кеткен салт дәстүрін ұмытпауға, сонымен қатар адалдық пен адамгершілікті ту етіп ұстауға насихаттап өткен.

Өткен заманнан бастап осы жылдары дейін өз заманның озық ойлы тұлғасы Ыбырай Алтынсарин қазақ қоғамына айшықтаған өз орны бар ұлы тұлға. Бірінші мектеп ашылған кездегі мектеп оқушыларының формасын, сол заманның ұстаздың шәкірттерімен сабақта отырғаны суреттерден, мұражайдан, ғаламтордардан көруге болады. Оқушылардың тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру, Ыбырай Алтынсарин өмірімен таныстыру, әңгіменің мәтінін бүгінгі өмір талабымен байластыру қажет. Ы.Алтынсариннің әдеби қызметін бақылаған замандастары, оның жазған еңбектерінің қаншалықты халықтың қажеттігіне жарайтындығын көзі тірісінде бағалаған. Сол кезде Ресей үкіметі жергілікті әкімшіліктер үшін қазақстандық қызметкерлерді осындай мектептер арқылы оқытуға ниеттенген болатын. Оқушыларды отарлық саясат рухында тәрбиелеу керек болды. Алайда, Ыбырай ерте жастан мектеп жүйесінде қалмай, әлемдік және орыс әдебиетінің классиктерін өз бетінше оқыды. 1857 жылдан 1859 жылға дейін орта мектепті бітіргеннен кейін атасы Балғожа бидің хатшысы болды. Кейін оны Кіші аудармашы ретінде Орынбор облысының әкімшілігіне ауыстырған. 1860 жылы Орынбордан Торғайға көшіп, мұғалім болған екен. 1864 жылы ол қазақ балаларына арналған алғашқы мектепті ашқан. Ыбырайдың білім беру және педагогикалық қызметі басталады. Ы.Алтынсарин орыс, араб және татар тілдерін еркін меңгерген және халықты ағартуды армандаған. [1, б. 1] Ол кезде қазақ балаларына мектеп ашу өте қиын болатын. Ы.Алтынсарин өз хаттары арқылы айналасында орын алып жатқан жайттар мен қоршаған ортаға деген көзқарасын, сондай – ақ туған халқының келешегі туралы ой – арманын білдіріп отырған. Ағартушының мазмұны аса терең қай хаты да оңай оқылады. Өрбір хат немесе әңгімелер ойыңа ой қосып, сол кездегі қоғам өмірінен сыр тартады. Ал 1891 жылы Ұлы Ағартушы қайтыс болғаннан кейін Торғайда, 1893 жылы Қостанайда, 1895 жылы Қарабұтақта

және 1896 жылы Ақтөбеде әйелдер мектебін ашуға рұқсат етілді. Құжаттарға сәйкес, бұл да Ыбырай Алтынсариннің ізденістерінің нәтижесі екендігі дәлелденді. [2, б. 2] Ағартушы ақын тәрбие жұмысының ең озық әдістерін пайдалана отырып, балаларды ана тілінде оқытуға ерекше назар аударды. Сондықтан ол «қазақ хрестоматиясы» оқулығын және «қазақтарды орыс тіліне оқытуға арналған бастапқы оқулық» дидактикалық құралын жазған. Ақын ретінде де әдебиетте өз өрнегімен есте қалған Ы.Алтынсарин әңгімелері – күні бүгінге дейін рухани – адамгершілік білімнің негізі, тәрбие көзі. Жалпы рухани адамгершілік тәрбие мәселелері Ы.Алтынсарин шығармашылығынан басталады сөзсіз. Себебі, әр уақытта тәрбие мәселесін сөз қылғанда, ерекше тоқтап өтуге керекті мәселенің бірі – Ыбырай еңбектерінде түрлі елдердің мәдениет майданындағы өзара достық қарым – қатынастарды да бейнелеп отырады. Жалпы Ыбырайымыз балаларға шетелдің жақсы адамдарын үлгі етуі – оның жалпы адам баласының достық идеясын аңсағандығын көрсетеді. «Бай баласы мен кедей баласы» атты Алтынсариннің әңгімесінде, бізше, үлкен идея бар деп ойлаймыз. Ғасырлар бойы еңбекшілерді қанап, халықты қанауды ата мирасындай көріп, соның арқасында үлде мен бұлдеге оранып өскен бай баласының басына күн туғанда дәрменсіздігін суреттеу арқылы жазушы сол қоғам құрылысының тамыры шіріп, оның адамдары өмірдің жасаушысы, күресушісі емес, бишарасы, үстемдік етуші таптың үлкені – жауыздық пен қаярлықтың қапшығы да, жасы – мүгедектіктің бейнесі деген қорытындыға келетін сықылды.

Ы.Алтынсариннің өзінің ұстаздық қызметіне байланысты қазақ жастарын оқытып тәрбиелеу мәселесін ең негізгі, басты мәселе деп есептеді. Өз халқы үшін қызмет ететін білімді адамдардың қатарын кебейту арқылы қазақ қоғамының мешеулігін жоюға болады деп, сондықтан жастарды оқытып, тәрбиелеуден, тәрбие ісінің құдіретінен артық ешнәрсе жоқ деп түйеді. Ыбырай Алтынсарин адамның жан – жақты қалыптасуының негізгі көзі тәрбие екендігін ол «Бақша ағаштары» деген әңгімесінде өте жақсы көрсеткен: «Бағу – қағуда көп мағына барында шек жоқ – дейді бір әке өз баласына, – «шырағым», мұнан сен де өзіңе тәлім алсаң болады, сен де жас ағашсың, саған да күтім керек, мен сенің қате істерінді түзеп, пайдалы істерге үйретсем, сен менің» айтқаныңды ұғып, орнына келтірсең, жақсы, түзу кісі болып өсерсің, бағусыз, бетіңмен кетсең, сен де мынау қисық ағаштай қисық өсерсің». Ұлы ағартушы төл шығармалары мен аудармаларында адамдық болмыс пен жүрек тазалығын, бауырмалдық пен адалдық сияқты құндылықтарды уағыздай отырып, «Таза бұлақ» әңгімесіндегі кейіпкердің «Бойыңды таза сақта, бұлаққа қарасаң күн түссе күннің, шөл түссе шөптің сәулесін көреміз, көңілің сол реуішті сыртқа ашық көрініп тұрсын» деп, «жаңа өспірім достарын» таза мінез бен қайырлы істер істеуге шақырады. Ыбырай жас ұрпаққа дұрыс, жақсы тәрбие беру, жас ұрпақты бала кезінен дұрыс баулу мәселесіне ерекше көңіл бөлген. «Баланы дұрыс күт, түзу тәрбиеле, қисығын түзе, адасса айқын жолға сал», – деді. Дәл осы тақырыпқа жазған «Бақша ағаштары» әңгімесінде: «Жаздың бір әдемі күнінде бір кісі өзінің баласымен бақшаға барып, екеуі де егілген ағашты көріп жүрді. «Мына ағаш неліктен тіп – тік, ана біреуі неліктен қисық біткен?» – деп сұрады баласы. «Ата – ананың тілін алсаң ана ағаштай сен де түзу болып өсерсің. Бағусыз кетсең, сен де мынау қисық ағаштай болып бағусыз өсерсің. Мынау ағаш бағусыз өз қалпымен өскен», – деді атасы. «Олай болса бағу – қағуда көп мағына бар екен ғой», – деді баласы. «Бағу – қағуда көп мағына барында шек жоқ, шырағым, бұдан сен өзің де ғибрат алсаң болады, сен жас ағашсың, саған да күтім керек. Мен сенің қате жеріңді түзеп, пайдалы іске үйретсем, менің айтқанымды ұғып, орнына келтірсең, жақсы, түзу кісі болып өсерсің. Бағусыз кетсең сен де мынау қисық біткен ағаштай қисық өсерсің», – деді. [3, б. 3] Сонымен бала тәрбиесіне жастайынан жақсы көңіл бөлу керектігін жас шыбықтарға теңей отыру, астарлы оймен нақты жеткізген. Бұл тұжырым болашаққа және осы күннің өзінде де өзіндік аса құндылығын жоғалтпаған деп ойлаймыз.

Мысалы, орыстың танымал шығыстанушысы, ориенталист, ғалым Василий Григорьев ақсары жүзді, орта бойлы қазақ жігітін қарсы алып, құшырлана құшақтап бетінен сүйеді екен. Өз үйіне апарып қонақ жасады, ілтипат пен құрметін аяған жоқ. Ал Ыбырай анау Торғай даласынан әдейі астанаға шақырып, төріне отырғызып, Ресейдегі Санкт – Петербургтің прогрессивтік бағыттағы интеллигенттерімен таныстырған жан сондай – ақ зор құрметке ие болды. Бұл – Ыбырай Алтынсарин еді...

Міне, Ыбырай Алтынсариннің осындай зиялылар арасында зор беделге ие болуы оның аса дарынды тұлға болғанын көрсеткен. Негізінде ол өз халқының болашағына білімді адам болып сенген, болашақ балалардікі, олар білімді, өнерлі болу керек деп түйген Ы.Алтынсарин осы мақсатта күшін аямай көп еңбек етті. Біздің ойымызша, қарапайым баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, сенімділік, қайырымдылық, адамгершілік секілді құнды қасиеттерді сіңіріп, өзіне деген сенімділікті тәрбиелеуде жанұя мен ұстаздар шешуші рөлін атқарды. Рухани – адамгершілік тәрбие – екі жақты педагогикалық процесс. Себебі, әр бала бір жағынан ол үлкендердің, ата – аналардың, ұстаздардың балаларға белсенді ықпалын, екінші жағынан – тәрбиеленушілердің белсенділігін қамтитын қылықтарынан, сезімдері мен қарым – қатынастарынан көрінеді екен. Сондықтан белгілі бір мазмұнды іске асыра, адамгершілік ықпалдың әр түрлі әдістерін – тәсілдерін пайдалана отырып, нағыз педагог істелген іс – әрекеттердің нәтижелерін, тәрбиеленушілерінің жетістіктеріне зер салып талдап, жан – жақты пайымдай отырып, бағалауқажет.

Ұлы тұңғыш педагог, ақын ретінде де қазақ балалар әдебиетінде өз өрнегімен есте қалған. Ыбырай Алтынсарин көптеген әңгімелері – күні бүгінге дейін рухани – адамгершілік білімнің негізі, тәрбие көзі болып есептейміз. Ыбырай әңгімелерінің мазмұны әр тірі жанды, әр саналы азаматты, әр баланы әділдікке, адамгершілікке, шабытқа, кісілікке, талаптылыққа, өнерге, еңбекке, оқу – білімге, достыққа т.б тәрбиелеуге, жақсы қасиеттерге шақырады. Жақсылыққа жақын болып, жамандықтан алыс болуға үйретеді деп түсінеміз. Ыбырай еңбек процесінің бала тәрбиесіндегі ерекше мәнін көре білді. Сондықтан оның көптеген әңгімелерінің идеясы, Абай айтқандай, «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» деген қағиданың төңірегіне топтасқан. [2, б. 41] Әңгімелерінде балаларды тапқырлыққа, табандылыққа үйретіп көп тұрмыс тауқыметі – еңбек екендігін, сол себепті оның болашағы жарқын, өмір сүруі адал болатындығын көрсете келіп, жастайынан еңбексіз өскен балалардың бос белбеу болбыр болатынын барынша келемеждейді. Ы.Алтынсарин әңгімелерінде еңбек процесінің адамның сана – сезімін, психологиясын қалыптастыруда ерекше орын алатынын жақсы түсінген.

Ыбырай Алтынсариннің Қостанай облыстық мемориалдық мұражайы мәдениет жөніндегі Қазақстан Республикасы Мемлекеттік комитетінің төрағасы Е.Рахмадиевтің бұйрығымен 1991 жылы 9 желтоқсанда ашылды. Мұражайдың қызметі көп қырлы: мұражай қорларын жинақтау, көрмеліктерді зерттеу және сақтау, есепке алу, экспозициялық – көрме және ғылыми – ағарту қызметі. Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық мұрасының тарихын, оның ізбасарлары мен оның жалпы пайда болуын қалпына келтіруге бағытталған ғылыми зерттеу жұмысы жүргізіліп жатыр. Мұражайдағы «Шашу» әдебиет қонақ бөлмесінде жас және атақты ақындармен кездесулер ұйымдастырылады, оқушылардың сәнді қолтаңбалы, көркем жұмыстарының көрмесі, тақырыптық кештер, ғылыми педагогикалық конференциялар өткізіледі. Алдағы уақытта көрмелерге оқушыларды жиі апарып, Ыбырай атамыз туралы мұражай қорларын көрсетсек, ақын әрі жазушысы Ыбырай Алтынсарин жөнінде білімдерін толықтырар едік.

Ыбырай Алтынсарин өз халқын жан – тәнімен сүйген, халқының мәдени көркейіп өсуі үшін бойындағы бар күш – жігерін аянбай жұмсаған нағыз патриот еді. Білімге деген құштарлық, халқына қалтқысыз қызмет ету Ыбырай Алтынсариннің негізгі ұстанымы болды. Ол мәдениет пен білімнен артта қалған ел – жұртын көрші елдің өнер – білімін, техникасын игеруге шақырып қана қоймай, сол игі істі тікелей жүзеге асыруға да өлшеусіз үлес қосты.

Оқу – тәрбие процесін ұйымдастыруда ол дүние жүзі педагогика классиктері Ушинский, Руссо, Каменский, Толстой, т.б. гуманистік идеяларын басшылыққа алады. Ыбырай Алтынсариннің көзқарастарынан бүкіл әлемдік тәлім – тәрбиенің алатын діңгегі гуманистік көзқарас, яғни шәкіртке жылы жүректі болу, мұғалім мен оқушы арасындағы ынтымақтастық принциптерінің көрініс тапқанын байқаймыз. Мысалы, өзінің екі класстық мектептердің меңгерушісіне жазған нұсқау хатында ол «Егер балалар бірдемені түсінбейтін болса, онда оқытушы оларды кінәлауға тиіс емес, оларға түсіндіре алмаған өзін кінәлау тиіс. [3, б. 5] Ол балалармен сөйлескенде ашуланбай, жұмсақ сөйлесуі, шыдамдылық етуі керек, әрбір нәрсені де ықыласпен түсінікті етіп түсіндіру керек, орынсыз терминдерді қолданбау керек, мұндай сөздер оқушыларға түсініксіз болады да, жалықтырып жібереді...». Мен осы сөздерге толық келісеміз. Нақ қазіргі қоғам үшін, біз үшін өте маңызды, өте өзекті дүниелер деп түсінеміз.

Ы.Алтынсарин демократиялық – ағартушылық бағыты оның педагогикалық көзқарасының үш бірдей саласынан көрініс тапты. Біріншіден, бүкіл өмір жолын мектеп ашуға, қазақ балаларын оқуға тартуға, дүние ғылымдарын үйретуге және соған оқу құралдарын жазып шығаруға арнаса, екіншіден, өнегелі ұстаз тәлімгер даярлауға, оларға күнделікті ғылыми – әдістемелік басшылық жасауға көңіл бөлді. Үшіншіден, шығармаларында қазақ халқының XIX ғасырдағы қоғамдық өмірінде болған саяси әлеуметтік мәселелерді жан – жақты қамтып жазуға жұмсады.

Бүгінгі XXI ғасырда жаңа Қазақстанның дамыған, бәсекеге қабілетті және халықаралық аренада сыйлы мемлекет ретінде қалыптасуы жас буын өкілдеріне байланысты деп ойлаймыз. Жас ұрпақтың бойында патриоттық және адамгершілік тәрбиені қалыптастыруда Отанын, туған жерін, ата – анасын құрметтеп, еліміздің болашағы үшін қызмет етіп, ана тілін ардақтау, рухын сақтау, халқының салт – дәстүрі мен әдет – ғұрыптарын қастерлеу сынды қасиеттерге басымдық берілу керек деп есептейміз. Ұрпақ тәрбиесін – жалғыз адамның ғана емес, бүтіндей біздің қоғамның тәрбиесі деп білеміз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Ыбырай Алтынсарин «Таңдамалы шығармалары» Алматы «Ғылым» 1994 ж. 226–228 б
2. Кәкішев Т. Қазақ әдебиеті сынының тарихы. А.Санат. 1994 ж. 145– 51 б
3. Жарықбаев Қ. Қазақ ағартушылары жастарды тәрбиелеу туралы. А, 1965 ж. 110–129 б
4. Дербісәлин Ә. Әдебиет туралы толғаныстар. А, Ғылым .1990 ж. 141 151 б
5. Сыздықов Ә. Ы.Алтынсариннің педагогикалық идеялары мен ағартушылық қызметі. А, 1969 ж. 13 б